

№ исх: ДС-182 от: 15.12.2016

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ**



**ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000 Астана , Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажиліс Парламентта

200__ ЖЫЛҒЫ “ _____ ” _____

«__» _____ 200__ года

№ _____

№ _____

2016 ж.14.12. жарияланды.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә.Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен, 2012 жылы Астана қаласында Испанияның «Patents Talgo» компаниясымен бірлесіп, жаңа, заманауи талаптарға сай жолаушылар вагондарын шығаратын отандық «Тұлпар - Talgo» зауыты ашылған болатын.

Бүгінгі таңда, осы зауыттан жылына 400-ден астам жолаушылар вагондары шығарылады.

Алайда, Астана мен Алматы қалаларынан Орал және Ақтау қалаларына қатынайтын «Тұлпар - Talgo» поездары жетпей отыр. Алматы - Семей - Павлодар, Астана – Арқалық, Алматы – Сарыағаш жолаушылар поездары да ескі. Басқа өңірлерде де осындай жағдай бар.

Қазіргі кездегі қатынайтын поездар, мысалы Алматы мен Ақтаудың арасында 3 (үш) тәулік, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік - Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе облыстары арқылы өтеді. Қолданыстағы вагондар тым ескі болғандықтан, техникалық жағдайы сын көтермейді, жолаушыларға қолайсыз.

Осыған байланысты, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жалпы өңірлер бағдарламасын қайта қарап,

ескі жолаушылар вагондарды жаңа вагондарға ауыстыру мәселесін қарастыруды сұраймын.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес Сізден осы депутаттық сауалды қараудың нәтижесі туралы заңда белгілеген мерзімде жазбаша түрде хабардар етуіңізді сұраймын.

Құрметпен,

депутат, «Нұр Отан» партиясы

фракциясының мүшесі

С.Өтебаев

орын. Үмбетәлиев Р.Ш.

тел.74-67-82